

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ

Баяндамашы Д. Масимова

Кіріспе

Сыбайлас жемқорлық – мемлекет дамуына, қоғамның қауіпсіздігіне, азаматтардың әл-ауқатына тікелей қауіп төндіретін әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік билік органдарына деген сенімді әлсіретіп, экономикалық өсімді тежейді және әлеуметтік әділетсіздікке әкеледі. Сондықтан да Қазақстан Республикасының негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді саясат жүргізу.

Негізгі бөлім

1. Сыбайлас жемқорлықтың мәні және себептері

Сыбайлас жемқорлық – лауазымды тұлғаның қызметтік өкілеттігін жеке басының пайдасы үшін пайдалануы. Оның туындауына келесі факторлар әсер етеді:

- мемлекеттік қызметтің ашық болмауы;
- бақылау және есеп беру механизмдерінің әлсіздігі;
- қоғамдағы құқықтық мәдениеттің жеткіліксіздігі;
- төмен еңбек ақы және әлеуметтік жағдай;
- жеке мүдделердің басым болуы.

2. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қылмыстық кодекс, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң, мемлекеттік бағдарламалар және ұлттық жобалар негізінде жүзеге асырылады.

Негізгі бағыттар:

- Колледж қызметкерлерін ақпараттандыру және құқықтық мәдениетті арттыру – оқу орындарында түсіндіру сабақтары, семинарлар, БАҚ арқылы насихат.
- Жауапкершілікті күшейту

3. Колледжде атқарылған жұмыстар

- қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары өткізілді;
- этикалық нормаларды сақтау бойынша нұсқаулықтар таныстырылды;
- мемлекеттік қызмет көрсету процестері цифрландырылды;

- білім алушыларға адалдық қағидаттарын дәріптейтін сабақтар жоспарлы өткізілді.
- Сенім жәшігіне түскен хаттар қарастырылады.

4. Болашақтағы міндеттер

- ұйым қызметінің ашықтығын арттыру;
- ішкі бақылау тетіктерін күшейту;
- қызметкерлердің құқықтық сауатын жүйелі арттыру;
- қоғамда «адалдық — басты құндылық» қағидасын қалыптастыру.

Қорытынды

Сыбайлас жемқорлықпен күрес — тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әр азаматтың белсенді ұстанымы, ұйымдардың ашық жұмыс істеуі және құқықтық мәдениеттің артуы елдің тұрақты дамуы мен тиімді басқарудың кепілі болып табылады. Адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын ұстану арқылы ғана сыбайлас жемқорлықсыз қоғам қалыптастыруға болады.

• қоғамда «адалдық — басты құндылық» қағидасын қалыптастыру.

адамдардың адалдыққа бағытталуына қолдау көрсету.